

ХАТТАМА №1

Басшы жанындағы мәжіліс

Күні:09.09.2024ж

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Қатысқандар, БРАКЕРЖДЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

1.Мектеп директоры, комиссия төрағасы:	Усенова З.О
2. Әлеуметтік педагог, мүше;	Курмантаева Ж.Д
3. ТЖО, мүше;	Баймуханов М.Ы
4. қамқоршылық кеңес төрағасы,мүше;	Б. Овезова
5. Медбике, мүше;	А. Сейтгалиева
6. Медбике, мүше;	С. Куанышбаева
7. Ата-ана, мүше;	К. Ахметова
8. Асхана әкімшісі;	Б. Джумаев
9. кәсіподақ төрайымы;	Р. Жұбатова

Барлығы: 9 адам

Күн тәртібінде:

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.

2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Тындалды:

1. Әлеуметтік педагог – Курмантаева Жаннур Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.

Жаңа оқу жылында мектебімізде 2700 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын, Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 668-ті құрап отыр. Арендатор есебінен әзірге 1405 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Оның

ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 981 болса, аз қамтылған мүжәлсіз отбасы 1-11 сынып оқушыларының саны 424 құрайды.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі:

2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау, бастауыш сынып оқушыларының тамақтандыруға бару кестесі

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы кесте ұйымдастырылды.

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Шешімі:

1. Ата-аналардан келіп түскен өтініш негізінде жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітілсін.

2. 2024-2025 оқу жылында асхана жұмысы барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылысын.

Қатысушылар:

Бракераждық комиссия мүшелері:

1. Мектеп директоры, комиссия төрағасы:

2. Әлеуметтік педагог, мүше;

3. ТЖО, мүше;

4. қамқоршылық кеңес төрағасы, мүше;

5. Медбике, мүше;

6. Медбике, мүше;

7. Ата-ана, мүше;

8. Асхана әкімшісі;

9. кәсіподақ төрайымы;

Усенова З.О

Курмантаева Ж.Д

Баймуханов М.Ы

Б. Овезова

А. Сейтгалиева

С. Куанышбаева

К. Ахметова

Б. Джумаев

Р. Жұбатова